

3 шілде 2023 ж.

## **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жылдық есепті ESEF форматында жариялады**

«ҚазМұнайГаз «Ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ, Компания) өзінің 2022 жылғы жылдық есебінің esef (European Single Electronic Format немесе жалпыеуропалық электрондық қаржылық есептілік стандарты) форматында жарияланғаны туралы төмендегі сілтеме бойынша өз сайтында хабарлайды:

<https://www.kmg.kz/en/investors/reporting/>

Бұл форматты еуропалық бағалы қағаздар және нарықтар басқармасы (European Securities and Markets Authority, ESMA) ашықтық туралы Еуропалық директиваны іске асыру үшін әзірледі. ESEF талаптары Еуропалық Одақ пен Ұлыбританияның реттелетін нарықтарында ашық сауда-саттыққа жіберілген және жыл сайынғы қаржылық есептілікті ұсыну міндеті бар бағалы қағаздар эмитенттеріне қолданылады.

Жаңа формат арнайы ақпараттық жүйелерге қаржылық есептілікті және ондағы компаниялардың мәліметтерін автоматты түрде өңдеуге мүмкіндік береді. Цифрлық есеп беру ақпараттық ашықтықты арттырады және компанияларды реттеушілерді, инвесторларды және талдаушыларды қоса алғанда, стейкхолдерлердің (мүдделі тараптардың) кең ауқымы үшін қолжетімді, талданатын және салыстыруға болады. Бұл есеп беру ақпаратын тез және сенімді таратуға және қателерді азайтуға ықпал етеді.

Толығырақ ақпарат мына сілтеме бойынша қол жетімді:

<https://www.kmg.kz/>

**Байланыс телефондары:**

[ir@kmg.kz](mailto:ir@kmg.kz)

тел: +7 (7172) 78 64 34

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы** «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнайгаз компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутегілерді барлау мен өндіруден бастап, тасымалдау, өңдеу және мамандандырылған қызметтерді көрсетуге дейін барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. Компания 2002 жылы құрылды, еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүдделерін білдіреді.

ҚМГ негізгі активтеріне мыналар жатады:

**Барлау және өндіру:** Өзенмұнайгаз (ӨМГ) – 100%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) – 100%, Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) – 100%, ҚазМұнайТеңіз – 100%, Өріктау (УО) – 100%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) – 50%, Қазгермұнай (ҚГМ) – 50%, Қаражанбасмұнай (КБМ) – 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) – 50%, ПетроҚазақстан Инк (ПКИ) – 33%, Теңізшевройл (Теңіз) – 20%, Қашаған – 16,88%, Қарашығанақ – 10%.

**Тасымалдау:** ҚазТрансОйл – 90%, Қазақстан-Қытай Құбыры (ҚҚҚ) – 50%, МұнайТас – 51%, Батуми мұнай терминалы – 100%, Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК) – 20,75%, Қазақтеңізкөлікфлоты – 100%.

**Өңдеу және өзгесі:** ПМХЗ – 100%, АМӨЗ – 99,53%, ПКОП – 49,72%, КМГ International – 100%, Петромидия – 54,63%, Вега – 54,63%, ҚазРосГаз – 50%, «Кзахстан Петрокемикал Индастриз Инк.» ЖШС – 49,5%